

Павлодар облысы әкімдігінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі "Азаматтарды 2007 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 113/5 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімшіятының 2007 жылғы 28 қыркүйектегі N 234/8 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 16 қазанда N 3094 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңы 19-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 17 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2007 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N№318 Жарлығының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы "Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" N 623 қаулысына сәйкес, кадрлар өзгерісіне байланысты облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі "Азаматтарды 2007 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N№113/5 (Павлодар облысы әділет департаментінің тізілімінде 2007 жылғы 3 мамырда N 3088 болып тіркелген, 2007 жылғы 9 мамырдағы N 53 "Звезда Прииртышья" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен құрылған облыстық шақыру комиссиясының құрамына

:

Алдажаров Асайын Қинашұлы	-облыс қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, төраға ретінде (келісім бойынша) енгізілсін;
---------------------------	--

Оразалинов Әнуэрбек Ғинаятұлы көрсетілген комиссияның құрамынан шығарылсын.

2. Осы қаулы бірінші ресми жарияланғанынан он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Облыс әкімі

Қ. Нұрпейісов

К е л і с і л д і :
Облыс қорғаныс істері жөніндегі
департаментінің бастығы А. Алдажаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК